

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

етеді, өмір салты мен тұтынушылық мінез-құлықты өзгертеді, мәдени мұраға қол жетімділікті кеңейтеді және белсенділік пен қоғамдық өмірге қатысуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы цифрлық революция экономиканы жаңғыртуда, азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруда және елдің әлемдік аренадағы ұстанымын нығайтуда шешуші рөл атқарады. Ол инновацияларды ынталандырады, бизнесті дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды және цифрлық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Қазақстандағы цифрлық революция елдің даму стратегиясының негізгі бағыты болып табылады және оны жаңғыртуда және жаһандық цифрлық экономикаға интеграциялауда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Слюсарев В.В., Хусяинов Т.М. Большие Вызовы Цифровой революции // Философия культуры. 2008. № 8. С. 22-29.
2. Утегенов Н.Б. Искусственный интеллект на сегодняшний день // Universum: Технические науки. 2022. № 7. С. 27-30.
3. Корцхия А.А. Цифровая революция: новые технологии и новая реальность // Правовая информатика. 2017. № 1. С. 13-18.
4. OECD. Digital Transformation in the Age of COVID-19. Building resilience and bridging divides. – Paris: Digital Economy Outlook 2020 Supplement, OECD, 2020. – 7 p.
5. Шваб К. Төртінші индустриялық революция. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. –200 б.

Цифровая революция в Казахстане. В каких сферах она уже произошла. [Электронды ресурс] URL <https://informburo.kz/stati/cifrovaya-revolyuciya-v-kazaxstane-v-kakix-sferax-ona-uzе-proizosla> (Қаралған күні 15.03.2024).

ӘОЖ 101.1

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ «БІЛІМДІ АДАМ» ЖӘНЕ «АДАЛ АЗАМАТ» ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МӘНІ

Бекмуханова Әсем Балдайырқызы

bekmuhanova.aseм@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика» білім бағдарламасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.Тұрсынбаева

Аннотация: Бұл мақалада қазақ философиясындағы білімді адам және адал азамат концепциясын аша отырып, қазіргі қоғамда «Білімді адам» «Адал азамат» деген кім? Оның бойында қандай қасиеттер бар? Қазақ философиясындағы «Білімді адам және адал азамат» қандай? деген сұрақтарға жауап беріледі. Сондай-ақ Абай мен Шәкәрім ілімдерінің ХХІ ғасырмен байланыстыра отырып зерттеу қарастырылды. Шәкәрімнің "Ар Ілімі", ұлттық мәдениетіміздің даму өзегінің бірі ретінде қарастырылды. Абай философиясы аясында «Толық адам», «Жақсы кісі» концепциялары қарастырылды. Абайдың арманындағы толық адам – біліммен, ғылыммен және дінмен ұштасып дамып, жетілген адам. Адамзат өркениетінде рухани тұрғыда жақсы қасиеттерді – ғылым, білім, қайраткерлік, адалдық, азаматтық, адамгершілік құндылықтарды бойында жетілдірген адам. Толық адам ілімі – қазақтың ұлттық санасын оятып, дана халқымыздың рухани жаршысы болып табылады.

Кілттік сөз: Білімді адам, жақсы адам, Хакім Абай, толық адам, арлы адам, адал азамат, Данышпан Шәкәрім.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру біздің еліміз үшін ерекше маңызға ие. Барлық азаматтар, әсіресе жастар, ең жақсы қасиеттерді дамытуы керек-осыдан қоғам құндылықтарының біртұтас жүйесі қалыптасады. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның

«Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден» - осы сөздер әлі күнге дейін актуалдылығын жоймай, керісінше мән-мағынасы арта түсті. Демек, ғылыми және шығармашылық зерттеулерде қажырлы еңбектен туған ұлы туындыларымен өз халқының рухын ояту үшін ,рухты мінез қажет. Барлық жинаған білімің, пайым-парасатың елге пайда беретіндей өнегелі іспен жалғасын табуы керек. «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп Әлихан бабамыз – қазаққа қызмет етудің, ел-жерге деген жанашырлықтың нақ үлгісін көрсетіп кеткен адал азаматтың бір бейнесін көрсеткендей . Егер әр азамат патриот, білімді, еңбекқор, жауапты, адал болса, онда біз үшін алмайтын асу, қол жетпейтін биіктіктер болмайды.

Ал "Адал азамат"кім? – бұл елдің заңдары мен құндылықтарын сақтайтын, адал әрекет ететін және адамгершілік принциптерін ұстанатын адам. Олар өз іс-әрекеттеріне жауапты және адал, басқалардың құқықтарын құрметтейді, және мемлекеттің гүлденуіне өз үлесін қосушы . Бабалар салған сара жолды сақтаушы.

Кешегі күні хәкім Абай, оның бүгінгі ХХІ ғасырдағы бізге берер құндылығы қандай? Замандар ауысып, уақыт өзгергенімен, еш өзгермейтін құндылық бар, ол – адам, оның қабілеті мен қасиеті. Осы мәселеге жауапты, өнегелі сөздерді Абайдың өзінен тауып, нақты көрсетіп, болашаққа нық қадам басу қажет.

Артында өлмейтұғын сөз қалдырған хәкім өз шығармашылығы арқылы тұтас халыққа темірқазық болып, қазақтың брендіне айналды. Бұл хақиқат.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім

Ержеткен соң түспеді уысыма

Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - осы өлең 21 ғасырда да өз өзектілігін, мәнін жойған жоқ. Әрине Абай өлеңдерінің, қарасөздерінің бүгінгі ұрпаққа дәлме дәл келіп отыруы кездейсоқ емес. Ол біздің дәуірлеп дамыған мемлекетіміздің, білім саласындағы дамуымыздың моделі сияқты, Абай моделі. Бұл дүниежүзіне барша адамзатқа үлгі боларлық модель. Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп, айтқан афоризмі бүкіл адамзат үшін құндылықтың шарықтау шыңы. Сондықтанда Абай әлемдік деңгейдегі кемеңгер.

Ұлтымыздың рухани өрісін биіктетіп, ұлттық сана-сезім мен ұлт дүниетанымына, философиясына орасан зор үлес қосқан Абай мұрасы жаһандану ғасырында қазақ жастарының жат мәдениеттердің жетегіне еріп кетпеуіне ықпал етті.

Адамзат баласына тән нашар қылықтар, атап айтқанда кертартпалық , керенаулықты сынап, дамыған елдер қатарына кіруге шақырды. Хәкім пікірінше, ол үшін өнер, білім, ғылымды игеру қажет. Бұл бүгінгі біздің қоғамның алдында тұрған ең басты, өзекті мәселенің бірі.

Абай мұрасының құндылығы – адам тұлғасы. Ал тұлғаның адамилығы кез келген қоғамның көкейкесті мәселесі екені түсінікті. Абай шығармаларының қанша уақыт өтсе де өз құндылығын жоғалтпай, жаңа қырынан танылуының сыры осында жатыр.

“Жақсы кісі” деген кім, немесе қандай ісі арқылы адам жақсы атанбақ, бір шешімін таппай келе жатқан актуалды проблема. Абай жақсы адам деп үш қасиетке ие болған жанды айтады. Қайратты, ақылды, жүректі адамның ісі толық. Шындығында солай. Ақыл Жаратушының нұры. Ақылсыз өркениет, ғылым, дін жоқ. Ақыл мен қайратты қатар ұстағанмен, олар жүрекке бағынуы керек. Жүрек деген мейірімділік. Мейірімсіз қайрат, мейірімсіз ақыл қайда бастамақ? Бұл мәселе он жетінші қарасөзінде де көрініс тапқан болатын. Демек, жақсы адамның бойынан осы үш қасиет бірге табылуы керек. Осындай адам ғамалус-салих , яғни ол ізгі іске әзір жан. Ізгілік - ол іс, ол қайырымды іс. Ізгілікті айқындаушы адамның харекеті, ниеті. Ізгілікті адамның сөзі мен ісі бір. Демек, Хәкім Абайдың *«ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек»* деген ой-тұжырымын *«қазақ халқының өмірлік философиясы»* деп түсінуіміз қажет. Бірлікті ту етіп, хәкім Абай ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек идеясының негізінде өмір сүруге үндеп отыр. Бұл Абайдың толық адам идеясы еді. Абай түсінігінде толық адам рухани бай, әділ, кісілік қасиетке ие, нақ жолындағы азамат.

Абай ілімін тәуелсіз елдің ұрпағына аманат ету біздің міндетіміз. Сол себепті хәкімнің мұрасына үнемі тәуелсіздік биігінен әр ұрпақтың қайта үңілуі заман тудырып отырған қажеттілік.

Абай ілімін жалғастырушы, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген философ, ақын, дара әрі дана тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлы, өз ілімінде ар білімін және арлы адам бейнесін шығармалары арқылы жеткізді. Бұл ілім де адал азаматтың бір үлгісі десек болады. Абайдың «толық адамы», Шәкәрімнің «Ар ілімінің» мақсаттары бір, яғни Толық адамда – ыстық қайрат, жылы жүрек, нұрлы ақыл болса, ал «Ар ілімінде» - мейірім, әділеттілік, ынсап. Абай түсінігінде толық адам рухани бай, әділ, адал, кісілік қасиетке ие, нақ жолындағы азамат. Барлығын бір жүйелесек, мейірім – жүректен, ақыл – әділеттен, қайрат – ынсаптан туады.

Білімділер сөз жазып, зарлағанда,
Ой кезіп, жердің жүзін шарлағанда,
Алдаусыз адам өмірін түзетерлік
Әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда? [1 242 б].

Шәкәрім өз кезеңіндегі қиыншылық пен ел арасындағы басты проблемаларды көріп оларды өлең-шығармаларында жазған. Шәкәрім қазақты сынай отырыпта болашақ жастарға сеніп, «Жастарға» өлеңінде ар ілімі, таза ақыл, білім ізденуге насихаттайды.

... Арсыз арам айланы тастасалық !

Адал іске талаппен бастасалық !

Не де болса білімді ізденелік !

Надандықпен біржола қастасалық!

Жалған айтып біреуге жалынбалық!

Наданға өлсек дағы бағынбалық ! [1, 28б].

Надандық адамзаттың қас жауы дей келіп, жастарды адал іс жасауға шақырып, нәпсіні тыю керек дейді. Ар-ұжданың болмаса бұның түбі адасушылыққа алып келеді. Ал бұдан туындаған мәселелер таза ақыл арқылы жауабын табады. Таза ақыл табиғатынан дүниелік қызықтарға алданбай ақиқатты іздемен болады .

Шәкәрім ақыл мен жанды қоса айтады, ол Абайдың ойшылдық дәстүрі, «Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі, «мені» мен менікінің мағынасы – екі» деген еді. Шәкәрімде : «Құбылған әлем жарысы, ақылды жанның табысы»-дейді [2, 263 б]

Арсыз ақылға тән қасиет ол, көр соқырлық, пайда іздеушілік, арсыз ақылды адам ғалым болса қоғамға қауіпті интеллектуалды адамға айналады.

Шын залымға берме ғылым,

Ол аларда оқ қылар

Қаруым дер, кісі атып жер,

Ол ғылымды айла етер.

Дүниені түзетуші,

Һәм бұзушы- бір ғылым.

Әрі залым, әрі ғалым,

Ел түбіне сол жетер.[3, 149 б.].

Ел арасын бұзушы – нәпсі, ал түзетуші – ары, ғылым тек құралы ғана. Атом бомбасынан қаншама жазықсыз адамдар қаза болды, бұл сұмнан аман қалғандары науқас, түрлі ем-дауасы жоқ аурумен балалар туыла бастады, атом бомбасы ғылым, бірақ салдарын көріп отырғандай бұрыс мақсатта қолданғандықтан әлем зардап шегуде, ол бір сәтте жарылғанмен мәңгілікке залалын елдер жадында қалдырды. Нәпсінің сұранысы заман дамыған сайын артуда. Білімді түрліше қолданамыз, дұрыс немесе бұрыс мақсатта. Білімнің бұрыс мақсатта жұмыс жасауы түбі адамзаттық құрдымға алып келеді.

«Ақылды сол - нысап пен ар сақтайды,

Арсыз сол - арамдықпен жан сақтайды.

Адал сол - таза еңбекпен күнін көріп,

Жаны үшін адамшылық ар сатпайды» – деп, басты құндылықтарды көрсетеді қазаққа.

Яғни таза еңбек жасау, ар сақтау адамдықтың айқын көрінісі. Шәкәрім «Үш анық» атты

философиялық шығармасында: «Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныш өмір сүруге мүмкіндік жоқ», – деген ойлар айтады.

«Адамның ең асылы – Қиянатсыз ақ пейіл.

Ең зиянкес жасығы – тайғақ мінез екі тіл.

Сөз, мінез құбылса, Ар, иманы жоқ деп біл.

Мейірім, ынсап, ақ-пейіл, адал еңбек,

Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол» [3; 140-142].

Бұл өлеңде Шәкәрім тайғақ мінезді екі сөйлейтін адам қоғамға ең зиянды дейді. Екі жақты сөйлейтін және айтқан сөзінде тұрмайтын адамдарда осы қатарға кіреді. Мейірімділік, ұстамдылық, қарапайымдылық, адал еңбек – осы төртеуі адамның бойында табылса сол адам жан - дүниесі шынайы. Оның пікірінше, адам өз жұмысында адал ақыл-ойы және шынайы жүрегі болуы керек. Мейірімділік, ұстамдылық, әдептілік, түзу жолмен жүру, төзімділік, әділеттілік – бұл әр адам бойындағы ажырамас қасиеттер. Осы тұрғыда данышпан Абаймен үндестігі сезіледі. Абай ұлы емес, адам ұлы болуды мақсат етсе, Шәкәрімнің еңбектерінде де адам ұлы болуды өмірлік ұстаным қылып ту еткен.

«Арманым байлық, мансап, мақтан емес –

Ары зор, ата ұлы емес, адам ұлы», – дейді. Шәкәрім тұлғаның кемелденуін ғылым және біліммен байланыстырады. Ойшылдың пікірінше, шынайы игілікке ғылым, білім арқылы жетуге болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Арлы адам» тұжырымдамасы зияткерлік, адамгершілік және рухани өлшемдерді қамтитын идеалды адамның сан қырлы көзқарасы болып табылады. Ол адамгершілік пен әлеуметтік үйлесімділік туралы терең түсінік береді, білімнің, моральдық тұтастық пен рухани сананың маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі қоғамда білім басты рөл атқарады. Білімді ала отырып, оны пайдалы әрекетпен жалғастыру басты адамзаттың мақсаты. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы өмірімізге түбегейлі өзгерістер әкелді. Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс. Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек. Бұл үшін бір орында тұрып қалмай, ілгері жылжу басты мақсат болуы тиіс» [4].

Қорыта айтқанда, қазақ философиясындағы мінсіз білімді адам және адал азамат бейнесінің мәдени-философиялық тұжырымдамасы дәстүрлі даналық пен қазіргі заманғы құндылықтардың үйлесімді синтезін көрсетеді. Қазақ халқының көшпелі мұрасы мен мәдени байлығына негізделген бұл тұжырымдама академиялық жетістіктерден асып түсетін және тұтас қасиеттер жиынтығын жүзеге асыратын адамды көздейді.

Қазіргі қоғам жағдайында қазақ философиясындағы білімді адам қазіргі заманның қиындықтарына бағдарлану үшін мәдени мұраларға сүйене отырып, дәстүр мен инновациялар арасындағы көпірге айналады. Бұл синтез тұрақты емес, серпінді, үнемі өзгеріп отыратын әлемнің қауіп-қатерлері мен мүмкіндіктеріне айқын жауап береді. Білімді адам оң әлеуметтік өзгерістерді қалыптастыруға, этикалық көшбасшылыққа жәрдемдесуге және орнықтылыққа жәрдемдесуге белсенді қатысушы ретінде қарастырылады.

Қазақ философиясы қазақ халқының көшпелі тарихына бейімделуге, төзімділікке және қоршаған ортамен терең байланысқа, қасиеттерге бірінші кезекте мән береді. Білімді адам өзгерістерді қабылдап қана қоймай, бай мәдени мұраны пайдалана отырып, оң өзгерістерге белсенді ықпал ететін адам ретінде қарастырылады.

Мемлекет басшысы қыркүйектегі халыққа жолдауында, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары бір бірінен ажырамас құндылық ретінде қатар жүруге тиіс деп көрсетеді. Негіздеп келгенде, адалдық болмаған жерде әділдік ешқашан болмайды. Әр адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды.

Халыққа аянбай қызмет ету, білімді шәкірт тірбиелеу жақсылықтың ізін жалғауға себеп бола білу – пайдалы білімнің жемісі. Қазір білім үйренемін деген адамға мүмкіндіктер көп. Тіпті қолымыздағы телефон, оның ішіндегі программалар білімнің көкжиегін кеңейте түсуімізге себін тигізіп келеді. Өкінішке қарай смартфонның ішіндегі түрлі әлеуметтік желілердің алыпқашпа әңгімелеріне, болмашы ғана роликтерге, түрлу түсті фотоларына алданып, алтын уақытты текке жоғалтып жатқандаймыз. Білімнен бақыт тапқан халықтың бүгінгі бейнесі осындай. Қазір сөз қуатын заман емес, ой қуатын уақыт жеткенін ескеруіміз керек. Адамдықтың қасиетін жетілдіру, рухани құндылықты байыту, жиған біліммен бақ сынау – нағыз білімсүйерге тән сипат.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. К.Мырзагелді. Шәкәрімнің ар ілімі. – Астана. - 2010, - 284 б.
2. Ғ.Есім. Ғұлама-наме: триология. Хакім Абай, Данышпан Шәкәрім, Кеменгер Мұхтар.: Хас-сақ, - 2016, - 628 б.
3. Ш.Құдайбердіұлы шығармаларының жинағы. Жол табалық ақылмен. Т.1. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, - 2006. – 734 б.
4. Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың «Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. [Электронды ресурс] URL: <http://surl.li/silud>

УДК 1 (091)

ТЕМА ЛЮБВИ В ДИАЛОГЕ «ПИР» ПЛАТОНА

Дидарқызы Дильдора

didarkizidildora@gmail.com

Студентка образовательной программы «6В02201-Философия и этика»,
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Д.Толгамбаева

Платон является одним из родоначальников европейской философии, его труды написаны в форме диалога. Для Платона миром подлинного бытия является мир идей, вечных и неизменных субстанций. Идея блага является высшей из его идей.

Одним из центральных диалогов в философии Платона является «Пир» [1], он занимает важнейшее место в системе диалогов философа. Данный диалог относится к середине 80-х годов IV века до н. э., следовательно он написан Платоном примерно в сорокалетнем возрасте. Зрелость Платона как личности и философа отразилось на содержании и логике диалога.

В диалоге «Пир» философские размышления переплетаются с мифопоэтическими и символическими образами. Так, идея красоты, «прекрасное само по себе» у Платона связана с Эросом и любовью, но не с искусством. В то же время, Красоту вне высшей идеи – идеи Блага – мыслить невозможно.

«Пир» посвящен выявлению сущности любви, специально избранного феномена для беседы мудрецов. В нем обсуждается понятие и роль любви в жизни человека, ее связь с красотой, духовным совершенством и познанием. Платон представляет любовь как силу, способную вдохновить человека к стремлению к высшему, к раскрытию своего потенциала и к поиску истины.

Тема любви, затронутая в «Пире», остается актуальной и в настоящее время, когда многие люди стремятся обрести смысл жизни, развивать свой духовный мир и понимать свою сущность на более глубоком уровне. Принятие уроков о любви и красоте, извлеченных из этого диалога, поможет нам лучше познать себя и окружающий мир, достичь внутренней гармонии и обрести истинное счастье. Несмотря на многие исследования «Пира» [2], данный диалог до сих пор вызывает интерес у философов и просто читателей.